

«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Бекітілді
«Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор,
д.т.ғ. профессор



Е.Бурибаев
2025 жыл

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
НҰСҚАУЛЫҚ**

Талдықорған 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Негізгі терминдер мен анықтамалар	3
3	Жемқорлыққа бағытталған және коммерциялық парақорлық жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық ережелері	4-5
4	Университет лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауы	5-6
5	Қорытынды ережелер	6

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқау «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ (әрі қарай-Университет) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттерін анықтайды және жемқорлық сипаттағы жағдай туындаған кезде университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің тәртібін белгілеу мақсатында енгізілген.

1.2. Осы Нұсқауда көрсетілген талаптар минималды түрде қажетті болып табылады және нақты жағдайлар үшін түпкілікті немесе шектеуші ретінде қарастырылмауы тиіс.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

2.1. Осы Нұсқауда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Лауазымды тұлға - мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, университеттің басқарма кеңесінің мүшесі, басқарма мүшесі қызметін атқаратын тұлға;

Қызметкер - университетпен еңбек қатынастары бар жеке тұлға;

Коммерциялық парақорлық - коммерциялық немесе басқа ұйымдарда басқарушылық функцияларды атқаратын тұлғаға ақша, құнды қағаздар немесе мүлік беру немесе оны өз қызметтік жағдайын пайдаланып, сондай-ақ жалпы қамқорлық немесе қызметте оңтайландыру үшін көмек көрсету жолымен парақорлық жасау;

Мүдделер қақтығысы - лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жеке қызығушылықтары мен олардың қызметтік міндеттері арасындағы қарама-қайшылық, бұл олардың міндеттерін дұрыс орындамауына әкелуі мүмкін;

Жемқорлық - университеттің лауазымды тұлғаларының өз қызметтік өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдаланып, жеке немесе делдалдар арқылы өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (немесе мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе парақорлық жасау;

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - университеттің өз өкілеттіктері шегінде жемқорлықты алдын алу жөніндегі әрекеттері, сондай-ақ университетте жемқорлықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыру, жемқорлық құқық бұзушылықтарын болдырмауға себеп болатын жағдайларды жою және олардың салдарын жою;

Жемқорлықтың алдын алу - жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға себеп болатын жағдайлар мен себептерді зерттеу, анықтау, шектеу және жою бойынша әрекеттер, сондай-ақ превентивті шараларды әзірлеу және енгізу;

Пара - мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаға немесе оған теңестірілген тұлғаға, сондай-ақ басқа мемлекеттік немесе халықаралық ұйымдардағы лауазымды тұлғаға, жеке немесе делдалдар арқылы ақша, құнды қағаздар, басқа мүлік, мүлік құқықтары немесе материалдық құндылықтарды беру.

3. Жемқорлыққа бағытталған және коммерциялық паракорлық жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық ережелері

3.1. Қазақстан Республикасында пара беру және алу заңсыз болып табылады және Қылмыстық кодекс және Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіне сәйкес жазаланады.

Параның заттары болуы мүмкін:

- ақша, оның ішінде валюта, банк чектері мен құнды қағаздар, қымбат металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, көліктер, азық-түлік, техника, тұрмыстық техника және басқа да тауарлар, пәтерлер, үйлер, саяжайлар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

- жеңілдіктер: емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелге саяхаттар, ойын-сауық және басқа шығыстарды төмендетілген бағамен немесе тегін төлеу;

- параның жасырын түрлері: банктік қарыз немесе жоқ қарызды өтеу түрінде, төмен бағамен сатып алынған тауарлар үшін төлем, қымбат бағамен сатып алынған тауарларды сатып алу, жасанды еңбек келісім-шарттарын жасау, пара алушыға немесе оның туыстарына, достарына жалақы төлеу, жеңілдетілген кредит алу, дәрігерлік қызметтерге жоғары ақы төлеу, жоғары ақы төленетін дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін ақы алу, «кездейсоқ» ұтыстар, қарызды кешіру, жалға алу ақысының төмендеуі, кредиттер бойынша пайыздық ставкалардың жоғарылауы және т.б.

3.2. Университеттің лауазымды тұлғасына немесе қызметкеріне пара ұсынылған жағдайда:

- 1) өте сақ болу, әдепті және құрметпен сөйлеу, асығыс пікірлерді болдырмау, оларды пара беру немесе коммерциялық паракорлықты қабылдауға дайын екеніңіз немесе толықтай бас тартатыныңыз ретінде түсінуге болмайтындай етіп;

- 2) ұсынылған жағдайларды мұқият тыңдап, есіңізде сақтаңыз (сома, тауарлар мен қызметтер сипаттамасы, параның немесе коммерциялық паракорлықтың берілуі уақыты мен тәсілі, сұрақтарды шешудің кезеңдері);

- 3) параның немесе коммерциялық паракорлықтың берілуі туралы мәселені келесі кездесуге дейін кейінге қалдыруға тырысыңыз және таныс жерде кездесуге ұсыныңыз;

- 4) әңгімеде бастаманы өзіңізге алудан аулақ болыңыз, «қабылдаушы» рөлін ойнаңыз, әңгімелесушінің көбірек ақпарат айтқанын күтіңіз;

- 5) пара беру немесе коммерциялық паракорлық жасау үшін қандай да бір кепілдіктер бар-жоғын сұраңыз;

- 6) диктофон бар болса, пара беру немесе коммерциялық паракорлықтың ұсынысын жасырын жазып алыңыз;

- 7) бұл факті туралы қызметтік хат арқылы басшылыққа хабарлаңыз;

- 8) жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жазбаша немесе ауызша хабарласыңыз;

- 9) жемқорлық туралы алдын ала хабардар ету үшін уәкілетті органға немесе Call орталығына 1424 хабарласыңыз.

3.3. Университет лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда:

- 1) кез келген мүдделер қақтығысының мүмкіндігін мұқият қарастырыңыз;
- 2) мүдделер қақтығысының пайда болуына жол бермеу үшін шаралар қабылдаңыз;
- 3) мүдделер қақтығысы пайда болғанын немесе оның болу мүмкіндігін анықтаған сәтте өзіңіздің тікелей басшыңызды жазбаша түрде хабардар етіңіз;
- 4) тікелей басшымен келісім бойынша мүдделер қақтығысын жою үшін шаралар қабылдаңыз;
- 5) қызметкердің қызметтік жағдайын өзгерту, оны лауазымдық міндеттерін орындаудан алып тастау немесе пайда болған мүдделер қақтығысының себебі болған артықшылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдаңыз;
- 6) қызметтік мінез-құлыққа қатысты талаптарды сақтауды және мүдделер қақтығысын реттеуді қамтамасыз ету үшін комиссия құрыңыз.

4. Университет лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауы

4.1. Қалауыңыз бойынша жемқорлыққа қарсы іс-қимыл уәкілетті органға немесе Call орталығына 1424 ауызша немесе жазбаша өтінішпен хабарласуға болады.

4.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлаудың бір түрі анонимді шағым болып табылады. Бұл жағдайда өтініш беруші анонимділікке байланысты жауап ала алмайтынын және анонимді шағымның қылмыстық іс қозғауға негіз болмайтынын білуі керек, тек қылмысқа қатысты мәліметтер болса ғана іс қозғауға негіз болады.

4.3. Егер пара талап ету жағдайы туындаса, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл уәкілетті органына немесе коммерциялық паракорлықты талап еткен тұлғаға қатысты дәлелдер мен ақпараттарды көрсете отырып, пара талап еткен жағдай бойынша өтініш жазып беріңіз:

- 1) параны талап еткен лауазымды тұлғаның аты-жөні, лауазымы және мекеме атауы;
- 2) талап етілген параның мөлшері мен сипаттамасы;
- 3) пара немесе коммерциялық паракорлық жасалатын нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік);
- 4) пара немесе коммерциялық паракорлықтың берілетін уақыты мен орны және берілетін тәсілі.

4.4. Егер жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе жемқорлық белгілері бар жағдайлар анықталса, уәкілетті органға хабарлаумен қатар, университеттің комплаенс-қызметіне хабарлау қажет.

4.5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы, коммерциялық паракорлық немесе басқа да қылмыстар туралы хабарлаған лауазымды тұлғалар немесе қызметкерлер мемлекет тарапынан қорғауға ие болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен марапатталады.

4.6. Жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көмек көрсеткен лауазымды тұлға туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңмен белгіленген тәртіппен беріледі. Мұндай ақпаратты жария ету заңмен жазаланады.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Нұсқау университеттің барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті түрде танысу және қолдану үшін енгізіледі.

5.2. Осы Нұсқау Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректордың шешімімен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.